



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2023 жылғы 23 қарашадағы
ДС-441 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Сіздің «AZALA Textile» ЖШС-нің проблемалық мәселелері бойынша сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Киім бұйымдарындағы жергілікті шикізат үлесін 30%-дан 60%-ға дейін арттыру қажеттілігіне қатысты

Қазіргі уақытта мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру, орналастыру және орындау қағидаларымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 14 қазандағы № 759 қаулысы) арнайы мақсаттағы бөлімшелерге арналған киім-кешек мүлкін қоспағанда, жергілікті қамту шикізатының үлесі кемінде 30% регламенттелген.

Отандық тоқыма кәсіпорындарын қолдау мақсатында киім-кешек мүлкін өндіру кезінде шикізаттың елішілік құндылығын 60% - ға дейін кезең-кезеңімен ұлғайту мәселесін уәкілетті мемлекеттік органдар «Qaz Textile Industry» жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарының ұлттық бірлестігі» заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер одағымен бірлесіп қосымша пысықтайтын болады.

Жергілікті қамту үлесін анықтаудың нақты әдістемесін әзірлеуге қатысты.

Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеу Ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу кезінде елішілік құндылықты есептеудің бірыңғай әдістемесіне сәйкес жүргізіледі, онда «СТ-KZ» нысанындағы тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген тауардағы елішілік құндылықтың үлесі ескеріледі.

Сонымен қатар, Тауардың шығарылған елін, Еуразиялық экономикалық одақ тауарының немесе шетелдік тауардың мәртебесін айқындау, тауардың шығу тегі туралы сертификат беру және оның қолданысының күшін жою,

тауардың шығарылған елін айқындау жөніндегі сертификат нысандарын белгілеу қағидаларына сәйкес (бұдан әрі – *Қағидалар*) тауардағы елішілік құндылық үлесін есептеу дайын өнімнің құнынан «франко-зауыт» бағасы бойынша жүргізіледі.

Сауда және интеграция министрлігі Өндірістік емес шығыстарды, пайданы және қосылған құн салығын қоспағанда, өндірілген тауардың өзіндік құны негізінде елішілік құндылық үлесін объективті есептеуге мүмкіндік беретін қағидаларға өзгерістер енгізу бойынша жұмыс жүргізуде.

Тиісті талаптардың, нормалардың, құжаттамалардың жергілікті қамту үлесін бақылауды күшейту және импорттық өнімді жергілікті өнім ретінде өткізуге жол бермеуге қажеттігіне қатысты.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі ірі кәсіпорындар (*жер қойнауын пайдаланушылар, жүйе құраушы кәсіпорындар, ұлттық компаниялар, табиғи монополиялар субъектілері*) үшін тапсырыс берушілер арасында отандық бизнеспен байланыс орнату үшін елішілік құндылықты дамытудың меншікті бағдарламаларын (бұдан әрі – *Бағдарлама*) әзірлеу және бекіту жөніндегі міндеттемелерді белгілеу бөлігінде заңнамалық түзетулерді пысықтауда.

Сондай-ақ, ірі кәсіпорындар әзірлейтін бағдарламаларға жалпы талаптар әзірленді, олар ШОБ белдеуін құруды, сатып алуда отандық өндірушілерді қолдау тетіктерін қабылдауды, елішілік құндылығы бойынша көрсеткіштерді, ұзақ мерзімді шарттар, офтейк-келісімшарттар жасасуды және т.б. қамтиды.

Отандық өндірушілерді қолдау үшін шет мемлекеттерден шығатын жеңіл өнеркәсіп тауарларына мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде ұлттық режимнен 2 жыл мерзімге алып тастау белгіленді.

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алуға тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді отандық өндірушілер тізіліміндегі жеке және заңды тұлғалар өндірген тауарлар жіберіледі.

Ұзақ мерзімді офтейк-келісімшарттар жасасуға қатысты.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі және «Самұрық-Қазына» ҰАҚ (бұдан әрі – *Қор*) ұзақ мерзімді шарттар жасасу үшін ұлттық компаниялардың, жер қойнауын пайдаланушылар мен отандық өндірушілердің жүйе құраушы кәсіпорындарының қатысуымен кездесулер мен келіссөздер ұйымдастыру арқылы елішілік құндылықты дамытуға бағытталған іс-шараларды ұдайы өткізеді.

Отандық кәсіпорындардан тауарларды басымдықпен сатып алуды көздейтін өнеркәсіпті - офтейк-келісімшарттарды және кепілдендірілген сатып алу шарттарын дамытуға бағытталған шарттар жасасу тетіктерін жетілдіру бойынша ірі кәсіпорындар алдында міндеттемелер белгілеуді көздейтін заңнамалық түзетулер әзірленді.

2018 жылдан бастап қорда жаңа өндірістерді құруға жәрдемдесу бағдарламасы жұмыс істейді, оның шеңберінде өндіруші импортталатын өнімнің жаңа өндірісін құруға, ал Қор компаниялары офтейк-келісімшарттар жасасу арқылы осы өнімді ұзақ мерзімді негізде сатып алуға міндеттенеді.

Анықтама: бүгінгі күні импортты алмастыруға арналған тауарлар пулы (өнімнің атауын, сатып алу кодтарын, тапсырыс берушілерді, техникалық ерекшеліктерді, тауардың шығарылған елін және ұзақ мерзімді қажеттілікті көрсете отырып) 2641 тауар позициясынан тұрады.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің және Қордың көмегімен жалпы сомасы 199,5 млрд теңгеге 437 ұзақ мерзімді шарттар мен оффтейк-келісімшарттар жасалды.

«AZALA Textile» ЖШС компаниясына қатысты 2021 жылы аумақ «Оңтүстік» АЭА-ға қосалқы аймақ ретінде қосылғанын хабарлаймыз, онда кәсіпорынға жер салығын, мүліктік салықты, корпоративтік табыс салығын, импортталатын шикізат пен жабдыққа кедендік баждарды, импорттық ҚҚС-ты және өз өнімдерін экспорттау кезінде ҚҚС-ты төлеуден босату түрінде жеңілдіктер мен преференциялар берілген.

Р. Склад

**Қазақстан Республикасының
Парламенті Мәжілісі депутаттарының тізімі**

1. Е.С. Бейсенбаев
2. А.Т. Перуашев
3. Д. М. Еспаева
4. Е.Х. Барлыбаев
5. Қ. Ж. Иса
6. А.А. Садықов